

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**

«БЕКІТЕМІН»

Шерхан Мұртаза атындағы

Халықаралық Тараз

инновацияллық институтының
президенті, 125 д.

Н. Муслимов
2023 ж.



ПОСТДОКТОРАНТ ЕРЕЖЕСІ

СМЖ Е 4-2-1-2023

Тараз 2023 ж.

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Постдокторант ережесі</p>	<p>E 4-2-1-2023</p>
		<p>СМЖ «Фылыми жұмыс және халықаралық байланыс» YK KY 17-2023</p>

АЛҒЫ СӨЗ

1. Әзірлегендер:

- Стратегия, ғылым-инновация және халықаралық байланыс жөніндегі проректоры Д.Ы Нұрмұханбет
- Фылыми жұмыс және халықаралық байланыстар басқармасының басшысы Л.С. Қожамжарова

2. Келісілді:

- Институттың вице-президенті М.Н. Сарыбеков
- Заң басқармасының басшысы Е.Е. Матжанов
- Сапа, аккредиттеу және рейтинг басқармасының басшысы Б.К. Жундибаева

Институт Президенттің 31.08.2023 № 216 бүйрөгімен бекітілді және іске қосылды.

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Фылими жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Постдокторант ережесі</p>	<p>E 4-2-1-2023 СМЖ «Фылими жұмыс және халықаралық байланыс» YK KÝ 17-2023</p>
--	---	--

МАЗМУНЫ

№		беті
1.	Қолданылу саласы	4
2.	Нормативті сілтімелер	4
3.	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	4
4.	Жалпы ережелер	5
5.	Конкурсты үйымдастыру тәртібі	6
6.	Постдокторантураға қабылданған постдокторантқа қойылатын талаптар	7
7.	Постдокторантура бағдарламасынан өту ережелері	8
8.	Постдокторанттардың жеке жұмыс жоспарын бекіту	9
9.	Постдокторанттардың аралық және қорытынды аттестаудан өту талаптары	9
10.	Постдокторанттың құқықтары мен міндеттері	11
11.	Постдокторантура бағдарламасы бойынша қаржыландыру тәртібі	11
12.	Өзгерістерді енгізу тәртібі	12
13.	Келісу, сақтау және тарату <i>Қосымшилар</i>	12 13-15
14.	Келісу парагы	16
15.	Танысу парагы	17
16.	Тарату парагы	18
17.	Өзгерістер енгізу парагы	19

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Постдокторант ережесі</p>	<p>E 4-2-1-2023 СМЖ «Фылыми жұмыс және халықаралық байланыс» YK KÝ 17-2023</p>
--	---	--

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл Ереже Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты (ары қарай - институт) постдокторантурасын жүзеге асырудың міндепті талаптары мен тәртібін анықтайды.

1.2 Ереже институтта постдокторантурасын бағдарламасы бойынша кадрларды даярлауға катысадын барлық құрылымдық бөлімшелер (факультеттер, кафедралар, ғылыми, қаржылық құрылымдар және т.б.) үшін негізгі күжат болып табылады.

1.3 Постдокторантурасын жүзеге асыруды камтамасыз ететін негізгі ұжымдық құрылымдарға кафедралар, факультеттер және ФЗО-лар жатады. Институт деңгейінде постдокторантурасын бағдарламасының талаптарының орындалуын үйлестіруді және бақылауды институттың ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы жүзеге асырады.

1.4 Постдокторантурасын бағдарламаларын іске асыру кафедралардың, факультеттердің және ФЗО-лардың ғылыми-зерттеу бағыттарын ескере отырып, жүзеге асырылады.

1.5 Ереже институттың СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1.1 Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- ҚР-ның Конституциясы;
- ҚР-ның «Білім туралы» Заңының 23-бабының 2 – тармағының 3-тармақшасы;
- ҚР-ның «Ғылым туралы» Заңы;
- ҚР-ның Ғылым және жоғары білім министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандарттарын бекіту туралы бұйрығы;
- Институт Жарғысы.

3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Осы Ережеде томендеғі атаулар, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

- Институт- Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты;

- Ереже - Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институттың Постдокторантурасын ережесі.

- Постдокторантурасы - философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі немесе ғылым докторы/кандидаты ғылыми дәрежесін алған және диссертациясын алты жылдан аспайтын мерзімде корғаған талантты зерттеушілерді қолдауға арналған және конкурсстық негізде институттың ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру шенберінде ғылыми ұжымдар құрамында зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу қызметін жалғастыру үшін ғылыми қызметкерлерді тарту бағдарламасы;

- Постдокторант - постдокторантурасын бағдарламасына конкурс негізінде қабылданған тұлға;

- «Жас ғалым» жобасы бойынша постдокторант - жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық каржыландыруға арналған конкурстың женимпазы Ректорат Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институттың ректоры және ректор өкілі;

- ГжЖБ – ғылым және жоғары білім министрлігі;

- ФЗО - ғылыми-зерттеу орталығы;

- ФЗЕТКЖ- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар;

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Постдокторант ережесі</p>	<p>E 4-2-1-2023</p> <p>СМЖ «Фылыми жұмыс және халықаралық байланыс» YК КҮ 17-2023</p>
--	---	---

- КР - Қазакстан Республикасы;
- СМЖ - Сапа менеджменті жүйесі;
- ТМД - Тәуелсіз мемлекеттер достастығы;
- ИЕ- институт ережесі;
- ПЖЖЖ-Постдокторанттың жеке жұмыс жоспары;
- ПОК - профессор-окытушы құрамы.

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Постдокторантуралың мақсаты - білім мен ғылымды өндіріспен біріктіруге бағытталған ғылыми тақырыптар мен жобалар бойынша перспективалық ғылыми зерттеулер жүргізу үшін конкурстық негізде жоғары білікті және бәсекеге кабілетті зерттеушілерді қалыптастыру, дарынды жас галымдарды институтқа тарту және жас галымдардың үлесін арттыру.

4.2 Постдокторантуралың іске асыруға қаржыландыру сырткы ұйымдардың тапсырыстары бойынша, оның ішінде гранттық және (немесе) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми жобалар болған кезде институттың ғылыми мәжілісінің қаулысымен жыл сайын белгіленеді және айқындалады. Құнтізбелік жылға арналған постдокторанттың конкурстық жиынтығының саны институттың 2021-2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарына сәйкес айқындалады.

4.3 Постдокторантуралың бағдарламасы келесі жұмыстарды қамтиды:

- Постдокторанттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмысы;
- Араптың және қорытынды аттестаттау.

4.4 Постдокторантуралың бағдарламасына қабылдау конкурс негізінде және институттың ПОК, ғылыми қызметкерлері арасында өткізіледі. Егер келесідей шарттар орындалған жағдайда, сырткы ізденушілер конкурска қатысуға жіберіледі:

- Ғылыми жобаның бейіні бойынша бағыты сәйкес келуі кажет;
- Ғылыми зерттеулерінің бағыты Институттың ғылыми бағытына сәйкес келуі керек;
- Женімпаз деп танылған жағдайда шарт жасасуға және өзіне жүктелген міндеттемелерді орындауға міндеттенеді.

4.5 Постдокторантуралың бағдарламасына қабылданатын зерттеушілер келесі критерийлерге сәйкес келуі кажет:

- Ғылым кандидаты, ғылым докторы ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі немесе оған теңестірілген ғылыми дәрежесі бар және постдокторантуралың бағдарламасына түсү кезінде соңғы 6 (алты) жылдан аспайтын мерзімде диссертациясын қорғаган болуы;

- 40 жасқа дейінгі КР азаматтары немесе шетелдік азаматтар;
- Гранттық, бағдарламалық - мақсатты және өзге де келісім - шарттық қаржыландырудың ғылыми бағдарламаларын орындау кезіндегі ғылыми қызмет үдерістеріне катысу тәжірибесі;
- Конкурсқа қатысуға бұрын осы бағдарламаның женімпаздары болған тұлғалар жіберілмейді.

4.6 «Жас ғалым» жобасы бойынша постдокторантуралың бағдарламасына тапсыратын үміткерлерді іріктеу. «Жас ғалым» жобасы конкурсы ережелеріне сәйкес жүргізіледі және араптың қорытынды аттестаттаудан осы ереженің талаптарына сәйкес өтеді. Қазакстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті төрағасының 2022 жылғы 29 қыркүйектегі № 151-ші бұйрығы негізінде бекітілген «Жас ғалым» жобасы

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Постдокторант ережесі</p>	<p>E 4-2-1-2023</p> <p>СМЖ «Фылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК КҮ 17-2023</p>
--	---	---

конкурсы ережесі өзгеріске ұшыраған жағдайда ереженің өзгерген нұсқасы негізге алынады.

5. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

5.1 Институтта постдокторантурға бағдарламасының іске асырылуын Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы үйлестіреді және келесілерді жүзеге асырады:

- Конкурс өткізу туралы бұйрықтар жобасын дайындау;
- Зерттеу тақырыптарының өзектілігі, тауарларды, жұмыстарды және (немесе) қызметтерді өндіру нарығының қажеттілігі:

 - Жоба жетекшілерінің өтінімдерін постдокторант позициясына тіркеу және жинау;
 - Постдокторант позициясына өтінімдерді жинау және ізденушілерге көнсө беру;
 - Әдістемелік көмек көрсету;

- Конкурстың қорытындысын шыгару және конкурстың қорытындысы туралы бұйрық жобасын дайындау.

5.2 Ашық конкурсқа өтінім сканерленген түрде мына мекен-жай бойынша қабылданады: Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, 696 «Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы», 202 кабинетке бекітілген бірыңғай нысан бойынша (**1-қосымша**).

5.3 Постдокторантурға бағдарламасына іріктеуді Институт ректорының бұйрығымен бекітілетін постдокторантурға бойынша арнайы Конкурстық Комиссия (ары қарай - Комиссия) жүзеге асырады. Комиссия құрамына жетекші ғалымдар, жоғары білікті ғылыми-педагогикалық қызметкерлер, ұжымда беделді және ғылыми-зерттеу жұмыс тәжірибесі, институттың негізгі ғылыми бағыттары бойынша тәжірибесі бар ғалымдар кіруі тиіс.

5.4 Өтінімдерді бағалау критерийлері келесідей:

- Ғылыми бөлімшениң жарияланымдық белсенділігі;
- Зерттеу тақырыптарының өзектілігі, тауарларды, жұмыстарды және (немесе) қызметтерді өндіру нарығының қажеттілігі;
- Қаржыландырылатын зерттеу жобаларының, қолданыстағы гранттардың немесе шарттардың (келісім-шарттардың) болуы;

 - Постдокторантты шақыруға белсенді ғалымдардың болуы;
 - Ұсынылған тақырып бойынша зерттеулерді көнейту перспективалары (оның ішінде сыртқы ресурстар есебінен);
 - Постдокторанттарды жобалау жұмысына міндетті түрде қосуы;
 - Арнайы ғылыми жабдыққа немесе есептеу ресурстарына (егер постдокторант жұмысы үшін қажет болса), мамандандырылған ұжымдық ғылыми зертханаларға коллежітімділіктің болуы.

Іріктеу кезінде үміткерлердің көрсеткіштері тең болған жағдайда, басымдық ғылыми- метриялық көрсеткіштері ең жоғары журналдарда жарияланымдары бар үміткерлерге беріледі (импакт-фактор, SJR, квартиль).

5.5 Ғылыми ұжымдар/жобалар жұмысына қатысуға ниет білдірген ізденушілер үшін постдокторант позициясына ашық конкурс жарияланады.

5.6 Ізденуші ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасына келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:

- белгіленген нысан бойынша өтінім (**2-қосымша**);
- ізденушінің зерттеу тақырыбы көрсетілген нақты ғылыми ұжымды/жобаны көрсете

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Постдокторант ережесі</p>	<p>E 4-2-1-2023</p> <p>СМЖ «Фылими жұмыс және халықаралық байланыс» YK KÝ 17-2023</p>
--	---	---

отырып, постдокторантурага қабылдау туралы өтініші;

- кеңейтілген кәсіби түйіндеме ғылыми паспорт (**3-қосымша**);
- жобаға катысу үшін қажетті нақты дағдыларды, жұмыс тәжірибесін ашатын уәждемелік хат (1000 белгіден артық емес);
- зерттеу қызметі мен жарияланымдарына арналған құнтізбелік жоспары (**4-қосымша**);
- Web of Science, Scopus базаларындағы соңғы 5 жыл аралығында индекстелетін журналдардағы ең маңызды және негізгі жарияланымдардың тізімі;
- ғылым кандидаты, ғылым докторы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі туралы дипломның көшірмесі. Ағылшын тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі расталған аудармасымен болуы тиіс;
- тиісті саладағы ғалым-зерттеушілерден жұмыс беруші үйимның қолдарымен және мөрімен расталған екі ұсыныс (егер мұндай мүмкіндік болса).

5.7 Барлық құжаттар электронды түрде (сканерленген түрде) мына мекен-жайға жіберіледі: Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, 696 «Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы», 202 кабинет. Құжаттардың толық пакетінің болмауы ізденушінің конкурстан шығаруға негіз болуы мүмкін. Өтінімдерді қабылдау аяқталғаннан кейін түскен өтінімдер қаралмайды.

5.8 Издешілердің конкурстың іріктеуді Комиссия жүргізеді, ол туралы хаттамасы жасалады. Конкурс нәтижелері Институт ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Конкурстың іріктеудің негізгі критерийлері:

- Издешінің конкурстың формалды талаптарына сәйкестігі;
- Издешінің соңғы 3 жылдағы жарияланымдық белсенділігі;
- Издешінің өзге де зерттеу қызметі (конференцияларға қатысу, гранттар алу, ғылыми тағылымдамалар және т.с.с.);
- Издешінің зерттеу тақырыбының конкурста мәлімделген бағытқа сәйкестігі;
- Ғалымдардан алынған ұсыныстардың мазмұны.

6. ПОСТДОКТОРАНТУРАГА ҚАБЫЛДАНГАН ПОСТДОКТОРАНТКА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1 Бекітілген іздешілермен қызмет көрсету шарты немесе белгілі бір жұмыстарды орындауға еңбек шарты жасалады. Шартта постдокторантурада өзіне жүктелген міндеттемелерді, сондай-ақ құнтізбелік жоспарды орындаған жағдайда шығындарды отеу шарттары жазылады.

6.2 Постдокторантуралың барлық кезеңіне арналған зерттеу қызметінің және жарияланымдардың құнтізбелік жоспарын жоба басшысының келісімі бойынша Институттың Стратегия, ғылым - инновация және халықаралық байланыс жөніндегі проректоры бекітеді.

6.3 Постдокторанттар Тараз қаласында болуы және еңбек шартының барлық жарамдылық кезеңі ішінде (еңбек демалысы мен ғылыми іс-шараларға қатысу үшін іс-сапарлар кезеңдерінен басқа уақытта) Институтта жұмыс істеуі тиіс.

6.4 Постдокторанттар институттың ішкі кәсіби рейтингін анықтауга қатыса алады.

Осы Ережемен белгіленген міндеттемелерден тыс мақалалар жарияланған жағдайда, постдокторант институттың ішкі ережелеріне сәйкес берілетін жарияланымдарды ынталандыру сыйақысын алуға құқылы.

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Постдокторант ережесі</p>	<p>E 4-2-1-2023</p> <p>СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» YK KÝ 17-2023</p>
--	---	---

7. ПОСТДОКТОРАНТУРА БАҒДАРЛАМАСЫНАН ӨТУ ЕРЕЖЕЛЕРИ

7.1 Постдокторант институтпен ғылыми жоба шеңберінде белгілі бір жұмыстарды орындауға кемінде 3 (үш) жыл мерзімге енбек шартын жасасады. Шартты 5 (бес) жылға дейінгі мерзімге ұзартуга институттың **Ғылыми мәжілісінің** оң шешімі болған жағдайда жол беріледі.

7.2 Постдокторант ғылыми кеңесшінің жетекшілігімен ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырады. Ғылыми кеңесшілер постдокторант қабылданған күннен бастап бір ай ішінде факультеттердің немесе F3O-лардың ұсынысы бойынша институт ректорының бүйрүғымен бекітіледі.

7.3 Ғылыми кеңесшінің ғылыми дәрежесі немесе оған теңестірілген доцент профессор ғылыми атағы болуы, зерттеу саласы бойынша ғылыми зерттеулермен белсенді айналысуы, ғылыми-педагогикалық жұмыс етілі кемінде 7 жыл, жаратылыстану ғылымдары мамандықтары үшін соңғы 5 жылда Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) ақпараттық компаниясының деректер базасында нөлдік емес импакт-факторы бар журналдарда кемінде 5 жарияланымы және h-индексі 5-тен кем емес және әлеуметтік-гуманитарлық мамандықтар үшін соңғы 5 жылда Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) және/немесе Scopus ақпараттық компаниясының деректер базасында индекстелген журналдардағы 2 жарияланым және h-индексі кемінде 2 болуы керек.

7.4 Ғылыми кеңесші постдокторанттың жеке жұмыс жоспарын әзірлеуге және бекітуге қатысады, оның ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік етеді.

7.5 Постдокторантуралы өту мерзімі ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі ретінде есептеледі.

7.6 Постдокторантуралы аяқтаудың негізгі критерийі қорытынды аттестаттау талаптарына сәйкес ғылыми жарияланымдардың болуы болып табылады.

7.7 Постдокторанттың педагогикалық жұмыспен айналысуға құқығы бар, бұл ретте оку жүктемесінің көлемі 0,5 шаттық бірлікті аспауы керек. Постдокторанттың оку жүктемесіне 5 ECTS аспайтын бір пән (әдетте, магистратура немесе докторантуралы оку жоспары пәні) және дипломдық жұмыстарға, сондай-ақ, ғылыми зерттеу бағыты бойынша кемінде 1 докторлық және (немесе) 2 магистрлік диссертацияларға жетекшілік ету кіреді.

7.8 Постдокторанттар институттың бюджеттен тыс қаражаты есебінен белгіленген тәртіппен ай сайынғы шәкіртақымен камтамасыз етіледі.

7.9 Постдокторанттар қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және Стратегия, ғылым - инновация және халықаралық байланыс жөніндегі проректорының келісімі бойынша ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысуға құқылы.

7.10 Постдокторанттарға жыл сайын 30 (отыз) күнтізбелік күндік демалыс беріледі.

7.11 Нормативтік ішкі құжаттарға сәйкес жылына 1 (бір) рет ұзактығы 7 (жеті) күннен аспайтын ғылыми іс-сапарға өз қаражаты есебінен шығуға құқылы. Постдокторантуралы ғылыми жоба шартында көрсетілген негізгі талаптардан тыс Web of Science деректер базасында алғашқы екі квартильге кіретін (Q1 және Q2) және/немесе SCOPUS деректер базасында Cite Score бойынша кемі 50 процентиль болатын ғылыми журналда 2 немесе одан көп мақала жариялау шартымен іс-сапар қаражаты Институт есебінен төленеді.

7.12 Институттың зертханалық жабдықтарына, әлемдік ақпараттық ресурстарға және кітапхана қорларына тегін және шексіз қолжетімділікке ие болады.

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Постдокторант ережесі</p>	<p>E 4-2-1-2023 СМЖ «Фылыми жұмыс және халықаралық байланыс» YК КҮ 17-2023</p>
--	---	--

8. ПОСТДОКТОРАНТТАРДЫҢ ЖЕКЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЛАРЫН БЕКІТУ

8.1 Постдокторанттар қабылданған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде келесі болімдерді қамтитын постдокторанттың жеке жұмыс жоспарын (ары қарай - ПЖЖЖ) өзірлейді:

- Фылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысының жеке жоспары;

- Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) акпараттық компаниясының деректер базасы бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар және Scopus деректер базасында индекстелген халықаралық фылыми журналдардағы фылыми жарияланымдар жоспары:

- Шетелдік іс-сапарлар жоспары (конференцияларға қатысу).

8.2 ПЖЖЖ Фылым комитетінде талқыланып, кафедра менгерушілері мен факультет декандары және ФЗО директорларымен бекітіледі.

8.3 ПЖЖЖ постдокторанттура бағдарламасын оту үшін негіз болады. Қажет болған жағдайда ПЖЖЖ жыл сайын пысықталуы мүмкін.

8.4 ПЖЖЖ жылдар бойынша бөлінетін постдокторанттура бағдарламасын өтудің барлық кезеңіне өзірленеді. Жұмыс жоспарында фылыми зерттеу тақырыбы, зерттеу бағыты, есеп беру мерзімі мен нысаны көрсетіледі. Постдокторанттың ғылыми жарияланымдарының жоспары шамамен жарияланатын тақырыптарды, жұмыстарды жариялау жоспарланған фылыми басылымдардың атауларын, басылымдар бойынша жұмыстарды орындау мерзімдерін қамтуы керек.

8.5 Постдокторанттардың фылыми жұмысының мониторингін үйімдастыру мақсатында постдокторанттың жеке жұмыс жоспарының бір данасы кафедрада, ФЗО-да сондай-ақ, бір данасы Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасында постдокторанттың жеке іс папкасында сақталады.

8.6 ПЖЖЖ-ның уақтылы дайындалуы, бекітілуі және толық орындалуына постдокторанттар, фылыми кеңесшілер және кафедра менгерушілері мен ФЗО директорлары жауапты.

9. ПОСТДОКТОРАНТТАРДЫҢ АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТУ ТАЛАПТАРЫ

9.1 Постдокторант оқу жылының сонына дейін, яғни 15 маусымнан кешіктірмей кафедралар мен факультеттердің және ФЗО-лардың кеңейтілген мәжілісінде ғылыми семинар түрінде басылымға тапсырылған/қабылданған жарияланымдарды корсете отырып, атқарылған жұмыс туралы есеп береді. Есепке жоба жетекшісінің атынан постдокторанттың мінездемесі қоса беріледі.

9.2 Постдокторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін бағалау үшін аралық және қорытынды аттестаттау түрінде бақылау жүргізіледі.

9.3 Постдокторант үшінші жыл аяқталуының қорытындысы бойынша бағдарламаға қатысады ұзарту туралы өтініш бере алады. Бұл өтінішті Комиссия оны постдокторанттураны іске асыруға қатысатын бөлімшениң басшысы қолдау көрсеткен жағдайда қарайды.

9.4 Постдокторанттың қызметін бағалау кезінде зерттеу жұмысының нәтижелері, институттың фылыми-білім беру қызметіне қатысуы, постдокторанттураны іске асыруға қатысатын бөлімшениң қызметіне жалпы қатыстырығы ескеріледі.

9.5 Постдокторанттардың фылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін аралық аттестаттау Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасының қызметкерлерінің міндетті қатысуымен жыл сайын кафедралар мен факультеттердің және

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p>Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p>Постдокторант ережесі</p>	<p>E 4-2-1-2023</p> <p>СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс»</p> <p>YK KÝ 17-2023</p>
--	---	--

ҒЗО-лардың кеңейтілген мәжілісінде ғылыми семинар түрінде және постдокторанттың Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) ақпараттық компаниясының дереккорында кемінде үшінші квартильде индекстелетін және нөлдік емес әсері бар және Scopus деректер базасында кемінде үшінші квартильде (Q3) индекстелетін журналдарда бірінші жылдың қорытындысы бойынша кемінде 2 (екі) мақала, екінші жылдың қорытындысы бойынша 2 (екі) мақала және үшінші жылдың қорытындысы бойынша 3 (үш) мақала дайындаған кезде өткізіледі.

Егер мақала жарияланған журнал Scopus және Web of Science дереккорларының 1-квартиліне (1) енген жағдайда, бір мақала екі деп есептеледі. Постдокторанттар жариялаган мақалаларында «Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының» аффилиациясын постдокторанттура бағдарламасын өту кезеңінде көрсетуі міндетті.

9.6 Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша постдокторанттураны жалғастыру немесе тоқтату және постдокторантқа ай сайынғы стипендияны одан әрі төлеу немесе тоқтату туралы шешім қабылданады.

9.7 Постдокторанттар ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасына жүргізілген зерттеулер туралы жылдық есептің кафедра менгерушілерімен немесе FZO директорларымен расталған бір данасын ұсынады.

9.8 Постдокторанттардың қорытынды аттестаттауы постдокторанттурага түскен кезден бастап үшінші жылдың сонында кафедралар мен факультеттердің және FZO-лардың кеңейтілген мәжілісінде ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасының қызметкерлерінің міндетті түрде катысуымен өтіп, Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) ақпараттық компаниясының деректер базасына сәйкес нөлдік емес импакт-факторы бар және Scopus жүйесінде индекстелген халықаралық ғылыми журналдарда ғылыми жарияланымдардың есебін ұсынуды және көпшілік алдында ғылыми баяндама жасауды қамтиды.

9.9 Постдокторанттардың қорытынды ғылыми есебі келесі шарттар орындалған жағдайда қорғауга жіберіледі:

- Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) деректер базасына сәйкес нөлдік емес импакт-факторы бар Scopus дереккорларында үшінші квартильден (Q3) төмен смес индекстелген журналдардагы кемінде 7 (жеті) жарияланым. Жарияланымдар саны, егер осы Кагиданың 9.5-тармагының шарттары орындалса, көрсетілген мөлшерден төмен болуы мүмкін.

9.10 Постдокторанттың баяндамасы көпшілік алдында ғылыми пікірталас сипатында ұсынылып және ғылыми этика принциптерін сақтауы кажет. Бұл ретте ғылыми-тәжірибелік сипаттағы нәтижелердің, қорытындылар мен ұсыныстардың жаңалығы, негізділігі жанжақты сарапталуға тиіс. Кафедра менгерушілері немесе FZO директорлары постдокторант ұсынған ғылыми есептің сараптамасының сапасы мен объективтілігіне, қабылданған шешімдердің негізділігіне жауап береді. Кафедралар мен факультеттердің және FZO - лардың кеңейтілген мәжілісі ашық дауыс беру арқылы постдокторанттардың корытынды аттестаттауы туралы екі шешімнің бірін қабылдайды:

- аттестаттау;
- аттестаттамау.

9.11 Постдокторанттардың қорытынды аттестаттау нәтижелері белгіленген үлгідегі хаттамамен ресімделеді және әрбір постдокторант үшін дербес толтырылады. Хаттаманың барлық параптартары нөмірленеді. Хаттаманы кафедралар мен факультеттердің және FZO-лардың кеңейтілген мәжілісінің хатшысы толтырады және мәжіліске қатысқан мәжіліс төрағасы/төрайымы мен З мүшесі қол кояды. Мәжілістен кейін барлық хаттамалар ғылыми

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Постдокторант ережесі</p>	<p>E 4-2-1-2023 СМЖ «Фылими жұмыс және халықаралық байланыс» YK KÝ 17-2023</p>
--	---	--

жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасының, одан кейін белгіленген тәртіпте сақтау үшін институт мұрағатына тапсырылады.

9.12 Постдокторант аралық және қорытынды аттестаттаудан өтуі үшін атқарылған жұмыс туралы есепке енгізілген жарияланымда бірнеше постдокторант автор болған жағдайда, жарияланым тек бірінші авторға есептеледі.

9.13 Постдокторанттардың қорытынды аттестациясын жалпы үйімдастыру мен бакылауды институттың кафедра менгерушілері, ФЗО директорлары, факультет декандары және Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы жузеге асырады.

10. ПОСТДОКТОРАНТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

10.1 Институттың постдокторанттары, КР «Білім туралы», «Фылым туралы» Зандарымен, КР ЕжЖБ-ның нормативтік құқықтық актілерімен, институт Жарғысы және ішкі ережелермен белгіленген құқықтар мен міндеттерге ие.

10.2 ПЖЖЖ-да қарастырылған барлық жұмыс түрлерін уақтылы және сапалы орындауға міндетті.

10.3 Постдокторанттардың міндеттері:

- Жеке жоспарларда қарастырылған жұмыстың әрбір кезеңінің соңында барлық қажетті жазбаша материалдарды белгіленген мерзімде тапсыру;

- Есеп беру мерзімдерін сақтау (орындалған фылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмыстары туралы, тағылымдамадан өткен жағдайда шетелдік тағылымдамадан өту туралы және т.б.);

- Тегінің, тұрғылықты мекен-жайының және байланыс деректерінің өзгеруі туралы институттың тиісті әкімшілік бөлімдерін уақтылы хабардар ету;

- Белгіленген мерзімде қорытынды аттестациядан өту;

- Постдокторантура бағдарламасын аяқтағаннан кейін институтта кемінде 3 (үш) жыл жұмыс істеу және (немесе) кемінде 3 (үш) жыл бойынша халықаралық рецензияланатын фылыми журналдарда (Scopus немесе Web of Science) жылына кем дегенде 1 фылыми жарияланымда институт аффилиациясын көрсету

10.4 Постдокторант аттестаттау талаптарын орындауда байланысты постдокторантура бағдарламасынан шығарылған жағдайда, институттың постдокторантура бағдарламасынан өту кезеңінде жұмсаған қарожатты институтқа өтейді.

10.5 Постдокторантура бағдарламаларын іске асыру процесінде туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

10.6 Институт постдокторанттарының осы Ережеде көзделмеген басқа да құқықтары мен міндеттері КР-ның нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

11. ПОСТДОКТОРАНТУРА БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТӘРТІБІ

11.1 Постдокторантура бағдарламаларын іске асыру институттың бюджеттен тыс қарожаты есебінен, сондай-ақ фылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ары қарай- F3TKJ) арналған бағдарламалар мен гранттар шеңберінде каржыландырылады.

11.2 Постдокторантура бағдарламалары ұзақ мерзімді (қорытынды аттестаттау нәтижелеріне сәйкес Сараптама комиссиясының ұсынысы бойынша 5 жылға дейін ұзарту мүмкіндігімен 3 жыл) және институттың бюджетінен тыс қаржыландыру есебінен жузеге асырылады.

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Постдокторант ережесі</p>	<p>E 4-2-1-2023 СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» YK KÝ 17-2023</p>
--	---	--

11.3 Бюджеттен тыс қаржыландыру төмендегілер бойынша пайдаланылады:

- институттың постдокторанттарға шәкіртакы төлеуі;
- жылына бір реттен жиі емес 7 күнге дейін шетелде халықаралық ғылыми конференцияға катысуға байланысты шығыстарды өтеу.

11.4 F3TKJ қаражаты төмендегілерге пайдаланылуы мүмкін:

- аппарат көздерімен қамтамасыз ету, жабдықтарды пайдалану және т.б.;
- алыс шет елдердегі әлемнің жетекші ғылыми орталыктары мен жоғары оқу роындарына консультациялар мен бірлескен зерттеулер үшін іс-сапар шығындары.

12. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕҢГІЗУ ТӘРТІБІ

12.1 Институттың осы ережесін басқару және өзгерістер енгізу Ғылыми кеңес шешіміне сәйкес жүзеге асады.

12.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парагында» тіркелуі тиіс.

13. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

13.1 Бұл Ереже Институттың Ғылыми мәжілісі шешімімен бекітілді.

13.2 Осы Ереженің бақылау данасы Сапа, аккредиттеу және рейтинг басқармасында, ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасында сақталады.

13.3 Тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасына жүктеледі. Осы институт Ережесінің ғылыми нұсқалары қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі. Сонымен қатар, міндепті түрде факультеттер мен кафедралар, FZO-ға жолданады.

Ғылыми жұмыстар және халықаралық
байланыстар басқармасының басшысы

ЛС

Л.С. Қожамжарова

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Фылими жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Постдокторант ережесі</p>	<p>E 4-2-1-2023 СМЖ «Фылими жұмыс және халықаралық байланыс» YK KÝ 17-2023</p>
---	---	--

ҚОСЫМША 1

Жетекшінің постдокторантураға отінімі

*барлық жолдар тольыруға міндетті

1	Жоба жетекшісінің ТАӘ	
2	Лауазымы мен жұмыс орны	
3	Жетекшінің байланыс деректері	
4	Жобаның атауы, қысқаша сипаттамасы. Жобаның фылыми-зерттеу бағытының басымдығын, институттың рейтингі үшін өзектілігі	
5	Қажетті бірліктердің санын көрсете отырып, F3Ж орындау үшін постдоктарды тарту	
6	Ізденушіге қойылатын талаптар (мамандығы, құзыреті, жарияланымдар саны, қатысу жұмыс тәжірибесі және т. б. көрсеткіштер)	
7	Конкурс женімпазына арналған жұмыс шарттары, F3Ж фылыми-зерттеу жұмысы ерекшеліктері	
8	Болімшениң жарияланымдық белсенділігі	
9	Постдокторантың жобалық жұмысқа қатысуға мүмкіндік беретін зерттеу жобаларының, қолданыстағы гранттардың немесе шарттардың (келісім-шарттардың) болуы, қосуға мүмкіндік береді	

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Фылими жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Постдокторант ережесі</p>	<p>E 4-2-1-2023</p> <p>СМЖ «Фылими жұмыс және халықаралық байланыс» YК КҮ 17-2023</p>
--	---	---

ҚОСЫМША 2

Постдокторантурага оқуға түсуге үміткердің отінімі ***барлық жолдар толтыруға міндетті**

1.	Үміткердің толық аты-жөні	
2.	Тұылған жылы	
3.	Жоғары оқу орнының атауы өтініш беруші окыды, аспирантура және / немесе докторантурасы, аспирантуралық бітірген күні және / немесе докторантурасы	
4.	Аспирантуралық және/немесе докторантуралық бітіру мерзімі	
5.	Қорғалған диссертация тақырыбы	
6.	Фылыми дәрежесі	
7.	Ғалымды тағайындау күні (үміткер дипломының көшірмесін қоса, фылым дәрежесі, фылым докторы немесе PhD. Құжаттар ағылшын тілінде болуы керек, мемлекеттік немесе орыс тіліндегі куәландырылған аудармасымен)	
8.	Рейтингтік журналдардағы жарияланымдардың жалпы саны	
9.	«Web of Science», «Scopus» деректері бойынша құжаттарды тапсыру кезіндегі Хирша Индексі	
10.	Қаржыландыру көзін көрсете отырып, үміткер жүзеге асылатын жобалар туралы акпарат	
11.	Үміткер қазіргі уақытта жұмыс істейтін үйімның атауы	
12.	Үйімның пошталық мекен-жай индексі	
13.	Лауазымы	
14.	Электрондық пошта мекен-жайы	
15.	Байланыс телефоны	
16.	Басқа үйімдардағы жұмыс тәжірибесі	
17.	Жалпы жұмыс өтілі	
18.	Ағылшын тілін білу деңгейі	
19.	Конкурсқа қатысушының келісімі	
20.	Жоспарланған жұмыстың аннотациясы. Жоба жетекшісі беретін тақырып пен бағыт	

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Постдокторант ережесі</p>	<p>E 4-2-1-2023 СМЖ «Фылими жұмыс және халықаралық байланыс» YK KÝ 17-2023</p>
--	---	--

ҚОСЫМША 3

Түйіндеме

1	Конкурсқа қатысушының аты-жөні	
2	Түліған жылы	
3	Жетекші шетелдік және қазақстандық институттар және фылыми үйымдарда оқыған, тағылымдамадан өткен, конкурсқа қатысушы жұмыс істеді (жоғары оқу орындар атауы немесе фылыми үйымның, ел, кала, кезең оқыту, тағылымдамадан өту, жұмыс (айы, жылды басталуы - айы, жылды аяқталуы))	
4	Конкурсқа қатысушы фылыми жұмысын орындау тәжірибесі (Жобаларбың толық атауы (5-тен аспайтын), орындалуы, қатысты конкурсқа қатысушы, үйим, жобаның шығарылған жылы).	
5	Конкурсқа қатысушының фылыми қызметіндегі қоғамдық тану және жетістіктері (сыйлықтар, медальдар, дипломдар, патенттер, ноу-хау және т. б.)	
6	Конкурсқа қатысушының негізгі дағдылары (сізде кандай білім мен дағдылар жиынтығы бар екенин көрсетініз)	
7	Жетекші ғалымдар ұсынымдарына сілтеме	
8	Қосымша ақпарат - Конкурсқа қатысушының калауымен ұсынылады.	

ҚОСЫМША 4

Күнтізбелік жұмыс жоспары

*жұмыстардың атауы, оларды жүзеге асыру мерзімі мен нәтижелері

№	Жұмыстардың атауы және оны орындаудың негізгі кезеңдері	Орындау мерзімі		Күтілетін нәтиже
		бастылуы	аяқталуы	

Жоба орындаушысы
Аты-жөні
Қолы



Шерхан Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз инновациялық институты
Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар
басқармасы
Постдокторант ережесі

E 4-2-1-2023

СМЖ «Ғылыми жұмыс және
халықаралық байланыс»
ҮК КҮ 17-2023

14. КЕЛІСУ ПАРАФЫ

Қызметі	Аты-жөні	Қолы	Күні
Келісілді:			
Институттың вице-президенті	М.Н. Сарыбеков		28.08.2023
Заң басқармасының басшысы	Е.Е. Матжанов		28.08.2023
Сапа, аккредиттеу және рейтинг басқармасының басшысы	Б.К. Жундибаева		28.08.2023
Кәсіподақ комитетінің төрайымы	Ш.И. Алимкулова		28.08.2023



Шерхан Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз инновациялық институты
Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар
басқармасы
Постдокторант ережесі

E 4-2-1-2023
СМЖ «Фылыми жұмыс және
халықаралық байланыс»
YK KÝ 17-2023

15. ТАНЫСУ ПАРАГЫ

r/h	Аты-жөні, тегі (қызметі)	Күні	Қолы
1	2	3	4
1			



Шерхан Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз инновациялық институты
Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар
басқармасы
Постдокторант ережесі

E 4-2-1-2023

СМЖ «Фылыми жұмыс және
халықаралық байланыс»
YK KY 17-2023

16. ТАРАТУ ПАРАГЫ

p/n	Дана нөмірі	Берілген күні	Құрылымдық болім	Берілді (Аты-жөні, тегі, қолы)	Алды (Аты-жоні, тегі, қолы)
1	3	4	5	6	7

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Фылими жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Постдокторант ережесі</p>	E 4-2-1-2023
		CМЖ «Фылыми жұмыс және халықаралық байланыс» YK KY 17-2023

17. ӨЗГЕРІСТЕР ЕҢГІЗУ ПАРАГЫ

p/n	Бөлім №	Парас №	Еңгізу күні	Негізде	Өзгерістер	Қолы
1	2	3	4	5	6	7